

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ
«Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті» коммерциялық
емес акционерлік қоғамы

Энергетика және машина жасау институты
Технологиялық машиналар және көлік кафедрасы

Симат Ермек Серікбекұлы

Жүкті тиіп-түсіруге арналған жүк көтерімділігі $Q=20$ т көпірлі кранды жобалау

ДИПЛОМДЫҚ ЖҰМЫС

6В07108 – Көліктік инженерия

Алматы 2023

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

«Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы


Энергетика және машина жасау институты

Технологиялық машиналар және көлік кафедрасы



ҚОРҒАУҒА ЖІБЕРІЛДІ

Кафедра меңгерушісі
«Технологиялық машиналар және көлік», техника ғылымының кандидаты

 Бортебаев С.А.
« 12 » 06 2023ж.

ДИПЛОМДЫҚ ЖҰМЫС

Тақырыбы: «Жүкті тиіп-түсіруге арналған жүк көтерімділігі Q=20т көпірлі кранды жобалау»

6B07108 – Көліктік инженерия

Орындаған

Симат Ермек Серікбекұлы

Пікір беруші
Техника ғылымының кандидаты,
қауымдастырылған профессоры
 Байжуманов К.Д.
« 8 » 06 2023ж.

Ғылыми жетекші
Аға оқытушы
 Абдуллаев С.С.
« 8 » 06 2023ж.

Алматы 2023

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

«Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы


Энергетика және машина жасау институты

Технологиялық машиналар және көлік кафедрасы

6B07108 – Көліктік инженерия

БЕКІТЕМІН

Кафедра меңгерушісі
«Технологиялық машиналар және көлік», техника ғылымының кандидаты

 Бортебаев С.А.
« 28 » 11 2022ж.

**Дипломдық жұмыс орындауға арналған
ТАПСЫРМА**

Білім алушы Сымат Ермек Серікбекұлы

Тақырыбы: «Жүкті тиіп-түсіруге арналған жүк көтерімділігі Q=20т көпірлі кранды жобалау»

Академиялық мәселелер жөніндегі Проректордың 2022 жылғы «23» қараша №408-П-Ө бұйрығымен бекітілген

Аяқталған жұмысты тапсыру мерзімі «15» маусым 2023 жыл

Дипломдық жобаның бастапқы деректері: Көпірлі крандар мен жүк қармау құрылғыларының конструкциясы, ғылыми техникалық оқулықтар патенттік ақпараттар

Дипломдық жұмыста қарастырылатын мәселелер тізімі:

а) Жалпы бөлім;

б) Есептеу бөлім.

Графикалық материалдардың тізімі (міндетті сызбалар дәл көрсете отырып):

1-Бас жоспар – 1 бет; 2-Көпірлі контейнерлі кран ЖК– 1 бет;

3-Патенттік сараптама-1 бет; 4-Жүк арбасының жалпы көрінісі-1 бет;



5-Автоматты жүк қармау құрылғысы – 1 бет; 6-Бөлімдік сызба-1 бет

Ұсынылатын негізгі әдебиеттер: 22 атаулардан


Дипломдық жұмысты дайындау
КЕСТЕСІ

Бөлім атауы, зерттеп дайындалатын мәселелер тізімі	Ғылыми жетекші ұсыну мерзімдері	Ескерту
Жалпы бөлімі	06.01.23ж. – 27.02.23ж.	орындалды
Есептеу бөлімі	13.04.23ж. – 05.05.23ж.	орындалды

Аяқталған дипломдық жұмыс үшін, оған қатысты бөлімдердің жұмыстарын көрсетумен,
кеңесшілер мен норма бақылаушының қойған
қолдары

Бөлімдер атауы	Кеңесшілер, аты, әкесінің аты, тегі (ғылыми дәрежесі, атағы)	Қол қойылған күні	Қолы
Дипломдық жұмыстың негізгі бөлімдері	Абдуллаев С.С.,аға Оқытушы	8.06.23	
Норма бақылау	Альпенсов А.Т., техника ғылымының кандидаты, қауымдастырылған профессоры	08.06.2023	

Ғылыми жетекші  Абдуллаев С.С.

Білім алушы тапсырманы орындауға алды  Симат Е.С.

Күні « 07 » 06 2022 ж.

КІРІСПЕ

Берілген жұмыста теміржол қоймасының комплекстік механизациялау қарастырылған. Бұл қоймадағы жүктерді тиеп – түсіру жұмыстарын жоғары дәрежеде автоматтандыру, жүктерді көптонналы контейнерлерде сақтау арқылы мүмкін болып отыр. Контейнерлер - ішкі және сыртқы габариттері, сонымен қатар қармау құрылғылары стандартталған жүктерді сақтауға арналған. Контейнерлердің бұрыштарына арнайы элементтер - фитингтер орналасқан, оларды контейнерлерді бірінің үстіне бірін жинаған кезде тірек ретінде және тасымалдау кезінде контейнерлерді қармау элементі ретінде қолданады.

ТМД мемлекеттерінде көптонналы контейнерлердің ішінде массасы 10т (1Д) және 25т (1ВВ, 1В) қолданылмайтын болғандықтан теміржол қоймасын автоматтандыру кезінде жүк айналымын 20т (1С) контейнерімен жүргізетін боламыз.

Қоймадағы жүк айналым тиеп – түсіру операцияларына кеткен уақытқа тәуелді болғандықтан, автоматтандырудың негізгі мақсаты болып сол уақытты үнемдеу мен қойманың жүк айналымын үлкейту және қоймалық аудандарды қолдану кезінде максималды пайда табу. Сонымен қатар, автоматтандырудың тағы бір мақсаты болып өндірістік жарақаттың алдын – алу мақсатында тиеп – түсіру жұмыстары орындалатын жерден жұмысшыларды алып тастау.

Үлкен ауданды қоймаларда жерде жүретін тиегіштерді қолдану қиын, сондықтан да қойманы автоматтандыру құралы ретінде бұл дипломдық жұмыста көпірлі контейнерлі кран таңдалып алынды. Сонымен қатар, бұл контейнерлерді екі қабат жинау арқылы және тиегіш жүретін жол қалдырудың қажеті жоқ болғандықтан контейнерлер арасын тығыз қылып жинау арқылы қойманың сыйымдылығын үлкейтеді.

Кранда жүкті қармау құрылғысы ретінде арнайы жүк қармау құрылғысы – спредерді қолдандық. Спредер контейнермен ілінісу кезінде және сол ілмекті шешу кезінде тоқтатқыш адамның көмегінсіз автоматты түрде жұмыс істейді. Спредердің контейнерге түсірілуі кезінде оның Т - тәріздес қадалары фитингтердің тесіктеріне кіріп 90 градусқа бұрылады, осы арқылы спредердің контейнермен ілінісуі іске асады. Контейнерді тасымалдап болған соң қадалар өз орнына келіп, контейнерді босатады.

Спредердің контейнерге дәл келуі үшін қармау бұрылу механизмімен жабдықталған. Көпірлі контейнерлі кран 1С контейнерді электрлі ажыратқышпен жабдықталған жақтаушаны қармап, сонымен жұмыс істейді.

Көпірлі контейнерлі кран екі консольді. Оның құрылымын жасау кезінде арзандау болу үшін жүк көтергіштігі 1С контейнерімен шектелген. 1С контейнерлері кран тіректерінің арасынан қармау кезінде бұрылыссыз оңай өте береді, ал бұл өз кезегінде тиеп – түсіру жұмыстарын тездетеді.

1 Жалпы бөлім

1.1 Жүк көтеретін машиналар жайындағы жалпы мағлұматтар

Көтеру тасымалдау машиналары ерте заманнан адамдар өздерінің ауыр еңбектерін жеңілдету үшін әртүрлі әдістерді ойлап табудың негізінен құралады. Кез келген өндірісте шикізат өндіруден бастап дайын өнімдерді адамдарға тұтынуға жеткізгенге дейін көтеріп тасымалдаудың бірнеше әдістері қолданылады. Өте ертеде Египет пен Вавилонда ертедегі Римде алғаш рет жүкті көтерудің тәсілдерін қолданған. Салмағы 90 тонналық тасты тасымалдап пирамида тұрғызған.

Одан бері Италияда, Грецияда жүкті көтеріп-тасымалдаудың тәсілдерін ойлап табу өте жоғары қарқынмен дамыған. 14 ғасырдың аяғында 15 ғасырдың басында жүкті көтеріп тасымалдаудың тәсілдері Ресейде өте жоғары қарқынмен қолға алынады. Көтеріп-тасымалдаудың дамуына орыс механиктерінің үлесі өте зор. 1703 жылы Петрозаводскде шойын құятын заводта орыс механигі Пролов алғаш рет шойын құятын ыдысты көтеріп тасымалдаудың әдісін ойлап тапты. Одан кейін Алтай заводында жүк көтерудің жер жүзінде теңдесі жоқ тәсілдері қолданылады. 1769 жылы салмағы 1000 тонна тұратын қоңырауды орыстар Питер қаласына әкеліп қондырды. Одан кейін І-ші Петрдің ескерткішін әртүрлі әдістермен көтеріп қойды. Одан бертін келе бірнеше за уыттар ашылды.

Көтеріп тасымалдау машиналары халық шаруашылығының кез келген саласында қолданылады. Әрбір өнімнің бағасы жетпіс, жетпіс бес пайызы өнімді дайындау кезіндегі тасымалдауға кеткен шығыннан тұрады.

Көтеріп тасымалдау машиналары атқаратын қызметіне байланысты негізгі үш топқа бөлінеді.



1 – сурет - Көтеріп тасымалдау машиналарының жіктелуі

Жүк көтеру машиналары – дегеніміз жұмыс істеу барысында яғни жүкті көтеріп тасымалдағанда үзіліспен жұмыс істейтін машиналарды яғни жұмыс істеу уақытымен арасындағы үзілістері кезектесіп отырады. Мұндай машиналарды циклді машиналар тобына жатқызады. Мұндай машиналар жүкті тік жоғары көтереді.

Жүк көтеру машиналары арнайы, жекелей жүктердің үлкен массаларын көлденең, тік және қиғаш трассаларының аудандарында циклдік әдіспен қозғалтуға арналған. Олар жөнделетін элемент және қондырғыларды көтеруге және дұрыс құрумен байланысты монтаждық опер-ды жүзеге асырады. Сондайақ оларды жобалық түрге бекіткенге дейін көтеріп тура алады.

Жүк көтеру машиналары жүктер және адамдарды өзіне жақын немесе перидты вертикалды түрде көтеру- түсіруге арналған – көтергіш (лифты) - өздерінің ішінде жүк немесе пассажирлер орналасатын площадка немесе кабинасының қатаң бағыттаушытүрде қозғалатындығымен ерекшеленеді;

Жүк көтеру машиналары жүктерді көтеру, қозғалту және керек жерге тасымалдау үшін қолданады. Олар завод цехтарда және құрылыс объектілерінде өндірістік процесстерге қызмет көрсетеді, өндірістік қондырғыларды бекітеді және жөндейді, қоймаларда тиеп- түсіру жұмыстарын атқарады және халық шаруашылығының барлық салаларында өндірістік процесстерді кешенді механизациялаудың құрамдас бөлігі болып табылады. Қазіргі өнеркәсіпте КМ жүйесі көбінесе өндірістің үздіксіз жұмысын қамтамасыз ететін техникалық қондырғының ажырамас бөлігі және органикалық байланысқан бөлігі болып табылады. Халық шаруашылығы салаларында 100 мыңнан аса жебелік, 10 мыңдай көпірлік крандар және басқада түрлері қолданылады.

Үздіксіз тасымалдау машиналары дегеніміз – жұмыс істеу барысында тоқтамайтын яғни бір жағынан жүкті тиеп жатса екінші жағынан түсіріп жататын машиналарды айтамыз.

Мұндай машиналарды тасымалдаудан басқа құрастыру жұмыстарында да қолданады. Мұндай машиналарға жататындар: конвейерлер, гидрокондырғылар, пневмокондырғыштар және элеваторлар.

Өз кезегінде екі түрге бөлінеді: тарту элементі бар және тарту элементі жоқ конвейерлер.

Тарту элементі бар конвейерлерге жататындар: таспалы конвейерлерге жататындар: таспалы конвейерлер, шынжырлы, қырғыш, шөмішті және аспалы конвейерлер.

Тарту элементі жоқ конвейерлерге: бұрамалы, роликті, көлбеулі, дірілдеуік, адымдайтын конвейерлер.

Элеваторлар және арнайы конвейерлер дегеніміз – әдейі бір жүкке арналып жасалынған машиналар. Бұған жататындар: шөмішті элеватор, таспалы элеватор, шөмішті шынжырлы элеватор, эскалатор.

Жүкті тиеп-түсіретін машиналарға қоймаларда сырттан келген жүкті түсіретін немесе сыртқа жіберетін жүкті салатын машиналар жатады.

Тиеп-түсіру машиналары қойма және көліктерден материал және жартылай фабрикаларды түсіруге және оларды басқа көліктерге тиеуге – темір жол қозғалатын құрамы, кемелерге және басқаларға тиеу үшін арналған. Олардың ерекшелігі- қарлығы органының болатындығында. Тиеп- түсіру машиналарын кез-келген жүктерді жүктеуге қолданады, бірақ құрылыста көбінесе төгілетін жүктер үшін қолданады.

2 Жобалық- конструкторлық бөлім

2.1 Кранның жүк көтеру механизмін есептеу

Көтеру механизмі көпірлі кранда арнайы жүк қармау қондырғысы - спреyderмен контейнерлерді көтеріп түсіруге арналған механизм. Механизм жүк арбашасына орналасқан төрт арқан орайтын атанақтан, екі қозғалтқыштан, екі бәсеңдеткіштен және тежегіштерден тұрады.

Көтеру механизмі жүкті әрбір бұрышында екі блоктан тұратын төрт бұрышынан болат арқандармен іліп көтереді. Жүк көтеретін полиспастаны 16 арқаннан тұрады, қозғалатын блоктары 8 дана олар контейнерге бекітілген.


Көтеру механизмі электржетегінен және бір қабатты сегіз еселі полиспастан тұрады. Электр жетегінен асинхронды қозғалтқыш 1, қосқыш 2, тежегіш 3, редуктор 4 кіреді. Көтеру механизмін есептеу дегеніміз үзілу күші бойынша болат арқанды таңдап алу, блоктардың диаметрлерін анықтау, атанақтың өлшемдерін есептеу, жүк қармау қондырғысын есептеп таңдау, механизмге қозғалтқышты таңдау, беріліс санын анықтау, редуктор таңдау және механизмге тежеу моменті бойынша тежегішті есептеп таңдау. Жобалаған көпірлі кранда осы көрсеткіштердің тиімді жолдарын қарастырып дәлдігіне көз жеткіздік.

Кранның көтеру механизмінің кинеметикалық схемасы 2-суретте көрсетілген. Механизмнің басқа крандардағы аталған механизмнен ерекшелігі – жүк көтеру арбашасында орналасуы. Жобаланып отырған бұл кранда жүктің салмағымен қоса арнайы автоматтандырылған жүк қармау құрылғысы спредердің де салмағын қоса есептейміз.


2.1.1 Белгілі мағлұматтар:

Жүккөтергіштігі, кг	$Q_H = 20000 ;$
Спредердің массасы, кг	$m_3 = 10000 ;$
Көтеру жылдамдығы, м/с	$v = 12 ;$
Полиспастан еселігі	$a = 3 ;$
Қозғалу дөңгелектерінің саны	$n_{x.k} = 16 ;$
Беріліс дөңгелектерінің саны	$n_{np.k} = 8 ;$
Жұмыс режимінің тобы	4;
Кранның массасы , кг	$m_{кр} = 220000 ;$
Арнайы қармау құрылғысының массасы, кг	$m_3 = 10000 ;$
Қозғалу жылдамдығы, м/с	$v = 1 .$

2.1.2 Көтеру механизмнің кинематикалық сұлбасы



2 – сурет - Кранның көтеру механизмнің кинематикалық сұлбасы



3 - сурет - Арқан қорының сұлбасы

Берілген схема үшін:

Еселік $a = 3$;

Арқан тармағының саны $m = 8$;

2.1.3 Арқанды таңдау және барабанның диаметрін анықтау

Арқанды таңдау келесі теңдеу орындалған кезде іске асады:

$$S_{разр} \geq S_{max} \cdot n;$$

мұндағы n - қор коэффициенті (жұмыс режимі 4-топ үшін $n = 5,6$
 S_{\max} - жүк салмағының арқанға максималды әсері.

Ол келесі формуламен анықталады:

$$S_{\max} = \frac{(G_{zp} + G_3) \cdot (1 - \eta)}{m \cdot (1 - \eta^a) \cdot \eta^t} \quad (2.1)$$

мұндағы G_{zp} - жүктің салмағы;

G_3 - спредердің салмағы;

η - блоктың ПӘК-і;

m - арқан тармағының саны.

$$(G_{zp} + G_3) = (20000 + 10000) \cdot 9,81 = 412020 \text{ Н} - \text{жүктің салмағы};$$


Егерде мәндерді орнына қойсақ:

$$S_{\max} = \frac{412020 \cdot (1 - 0,98)}{8 \cdot (1 - 0,98^3) \cdot 0,98^0} = 59841 \text{ Н}.$$

$$S_{разр} \geq 59841 \cdot 5,6 = 335109 \text{ Н}.$$

МЕСТ 2688-80 бойынша құрылымы $6 \times 19 (1+6+1/6)+1$ бұралмайтын (дәлме-дәл байланысқан) органикалық жүрекшесі бар ЛК-Р арқанын таңдап аламыз.

$\sigma_{вр} = 1862 \text{ МПа}$ болғандықтан және үзілу күші 335 кН аз болғандықтан немесе тең болғандықтан диаметрі $d_k = 24 \text{ мм}$ арқан таңдалып алынады. (Арқанның белгіленуі «11-Г-І-СС-Н-1862 МЕСТ 2688-80», бұл дегеніміз арқанның жүк көтеруге арналғанын көрсетеді, I сымның маркасы, белгілеу тобы 1862 МПа, сымның қаптамасы - мырышталған, арқан айқастырылып, бұралмай есілген).



4 – сурет - Арқанның көлденең қимасы

Барабанның диаметрі келесі теңдеумен анықталады:

$D_{бар} \geq h_1 \cdot d_k$; мұндағы d_k - арқанның диаметрі, ал h_1 - жұмыс режимінің тобына байланысты коэффициент.

Осылайша, $D_{бар} \geq 22,4 \cdot 24 = 537 \text{ мм}$. Стандартталған барабандар диаметрінің ішінде $D_{бар} = 605 \text{ мм}$ барабанның таңдап аламыз.

2.1.4 Барабанның ұзындығын және оның айналу жиілігін анықтау

Еселенген барабанның кесілу қадамы:

$$t = d_k + (2...3) \text{ мм} = 11 + (2...3) = 13.....14 \text{ мм}$$

Біздің таңдайтынымыз $t = 14 \text{ мм}$.

Барабанның ұзындығын келесі формуламен анықтаймыз

$$\ell_{бар} = 2 \cdot \ell_{кр} + 2 \cdot \ell_{непр} + 2 \cdot \ell_p + \ell_{ненар}, \quad (2.2)$$

мұндағы $\ell_{кр}$ - арқанның барабанға қосылған аумағының ұзындығы;

$\ell_{непр}$ - 1,5 түртілмеген орам;

$\ell_{ненар}$ - кесілмеген бөлігі;

ℓ_p - жұмыс бөлігі.

Барабанның кесілмеген бөлігін барабанның тележкаға максималды жақындаған кездегі арқанның ауытқу бұрышын шектеуден анықтаймыз. Құрылымдық тұрғыдан біз оны $\ell_{ненар} = 150 \text{ мм}$ деп қабылдап аламыз.

Барабанның жұмыс істеу бөлігіндегі орам саны: $\frac{H \cdot a}{\pi \cdot D_{бар}}$,

мұндағы $a = 3$ - полиспастаның еселігі.


Осылайша,

$$\ell_{бар} = 2 \cdot \left(\frac{H \cdot a}{\pi \cdot D_{бар}} + 1.5 + 3 \right) \cdot t + \ell_{ненар} = 2 \cdot \left(\frac{8,5 \cdot 3 \cdot 1000}{\pi \cdot 605} + 1.5 + 3 \right) \cdot 14 +$$

$+ 150 = 889 \text{ мм}$ $\ell_{бар} = 890 \text{ мм}$ деп қабылдап аламыз.

Барабанның айналу жиілігін келесіден таңдап аламыз:

$$v_{окр} = \frac{\pi \cdot D_{бар} \cdot n_{бар}}{1000} \quad (2.3)$$



5 - сурет - Жүк арқанын орайтын атанак

Егерде оны өзгертсек, $v_{окр} = v_{зр} \cdot a$,

мұндағы $v_{зр}$ - жүкті көтеру жылдамдығы. Сонда:

$$n_{бар} = \frac{1000 \cdot v_{зр} \cdot a}{\pi \cdot D_{бар}} = \frac{1000 \cdot 12 \cdot 3}{\pi \cdot 605} = 18,23 \text{ мин}^{-1}.$$

2.1.5 Қозғалтқышты таңдау

Бізге керекті электрлі қозғалтқыштың қуаты:

$$N = \frac{(G_{зр} + G_3) \cdot v_{зр}}{1000 \cdot 60 \cdot \eta} = \frac{412020 \cdot 12}{1000 \cdot 60 \cdot 0,9} = 113 \text{ кВт}. \quad (2.4)$$

Жұмыс режимінің 4 тобының қосылуы уақыты ҚУ ($ПВ$)=25%, анықтамаларда кездесетін электроқозғалтқыштардың ішінде біз МТН 612-6-ны таңдаймыз. Оның негізгі көрсеткіштері:

Біліктегі қуаты:	112 кВт;
Айналу жиілігі:	$n_{дв} = 950 \text{ мин}^{-1}$;
Біліктегі максималды моменті:	3580Нм.


2.1.6 Редукторды таңдау

Редуктордың беріліс қатынасы келесіге тең:


$$u = \frac{n_{\text{дв}}}{n_{\text{бар}}} = \frac{950}{18,23} = 52,12$$

Техникалық тізбектен беріліс қатынасы біздің шығарған беріліс қатынасына жақын Ц2-650 редукторын таңдаймыз, оның беріліс қатынасы $u_{\text{ном}} = 50$ ($u_{\text{факт}} = 48,57$).

Тыныш жүрісті біліктегі рұқсат етілетін айналу моменті $M_T = 41005 \text{ Н} \cdot \text{м}$
Тыныш жүрісті біліктегі рұқсат етілетін консольді жүктеме 69651 Н



6 - сурет - Ассинхронды фазалы роторлы МТН612-6 қозғалтқышы



7 – сурет - Ц2-650 редукторы

2.1.7 Редукторды тексеру

Момент бойынша: $M_{\text{наиб}} \geq M_{\text{факт}}$

$$\text{Сәйкестігі} \begin{cases} M_{\text{наиб}} = m \cdot M_T = 1,6 \cdot 41005 = 65610 \text{ Н} \cdot \text{м} \\ M_{\text{факт}} = 2 \cdot S_{\text{max}} \cdot \frac{D_{\text{бар}}}{2} = 2 \cdot 59841 \cdot \frac{0,605}{2} = 36203 \text{ Н} \cdot \text{м} \end{cases}$$

Рұқсат етілетін консольді жүктеме бойынша: $P_{\text{конс}}^{\text{факт}} \leq P_{\text{конс}}^{\text{ред}}$

$$\text{Сәйкестігі} \begin{cases} P_{\text{конс}}^{\text{факт}} = S_{\text{max}} = 59841 \text{ Н} \\ P_{\text{конс}}^{\text{ред}} = 69651 \cdot 9,81 = 683276 \text{ Н} \end{cases}$$

2.1.8 Тежегішті таңдау

Тежегішті таңдау үшін алдымен оның есептелетін тежелу моментін анықтап алу керек. Оны анықтау үшін алдымен тежелу кезінде қозғалтқыштың білігінің статикалық моментін анықтаймыз:

$$I = \frac{Q D_{\delta} \eta_m}{2u_m} = \frac{(20000 + 10000) \cdot 0,605 \cdot 0,9}{2 \cdot 156,33} = 713,4 \text{ Н} \cdot \text{м} \quad (2.5)$$

мұндағы u_m – механизмнің жалпы беріліс саны, ол келесі формуламен есептеледі:

$$u_m = u_p \cdot u = 52,11 \cdot 3 = 156,33; \quad (2.6)$$

мұндағы $u = 3$ полиспастаның еселігі;

u_p – редуктордың беріліс саны:

$$u_p = \frac{n}{n_{\dot{a}}} = \frac{950}{18,23} = 52,11 \quad (2.7)$$

мұндағы $n_{\dot{a}}$ – барабанның айналу жиілігі = 18,23 мин⁻¹;


n – қозғалтқыштың айналым саны = 950 мин⁻¹;

Есептеліп алынған мәліметтердің мәндерін орнына қойып, қозғалтқыштың тежелу моментін есептейік:

$$M_m = k \cdot M_{\text{см.м}} = 2,5 \cdot 731,4 = 1828,5 \text{ Н} \cdot \text{м} \quad (2.8)$$

Алынған мәліметтерді жақсылап сараптап, арайы техникалық анықтамалардан өзімізге керекті, тежелу моменті біздің есептеген тежегішіміздің тежелу моментіне жақын етіп аламыз.

Электрлі және гидравликалық итергіші бар, екі қалақшалы ТКГ-500 тежегішін таңдаймыз. Оның максималды тежелу моменті=250 Н·м [16].



8 – сурет - ТКГ-500 тежегіші

2.2 Арбаның қозғалу механизмі

Есептеуге берілген мәліметтер:

Жүктің араласуының салмағы

$$Q = 20 \text{ тонна}$$

Арбаның салмағы

$$G = 25 \text{ кН}$$

Катканың диаметрі

$$D = 250 \text{ мм}$$

Біліктің диаметрі

$$d = 60 \text{ мм}$$

Сырғанаудың үйкеліс коэффициенті

$$\mu = 0,1$$

Тербелістің үйкеліс коэффициенті

$$f = 0,08 \text{ см}$$

Қабырғасының кедергі коэффициенті

$$k = 1,4$$

Механизмнің сұлбесі: мотор, цилиндрлі редуктор, ашық беріліс және каток.

Мотор

$$N = 4 \text{ кВт}$$

Мотордың айналым саны

$$n = 950 \text{ айн/мин.}$$

Бір жұпты редуктор

$$i_1 = 5$$

Ашық тісті беріліс

$$i_2 = 3,54$$

Жалпы беріліс саны

$$i_0 = i_1 \cdot i_2, i_0 = 5 \cdot 3,54 = 17,7$$

Катоктың айналым саны

$$n_K = \frac{n_M}{i_0}, n_K = \frac{950}{17,7} = 53,7$$

Арбаның жылдамдығы

$$\vartheta = \pi \cdot D \cdot n_k, \vartheta = 3,14 \cdot 0,25 \cdot 53,7 = 42 \text{ м/мин}$$

Жүк тиелген арбаның қозғалысының кедергісі:

$$W = \frac{(Q + G) \cdot (f + \mu \frac{d}{2}) \cdot k}{D/2} \quad (2.9)$$
$$W = \frac{(5000 + 2500)(0,08 + 0,1 \frac{6}{2}) \cdot 1,4}{25/2} = \frac{7500 \cdot 0,38 \cdot 1,4}{12,5} = 320 \text{ кН}$$

Қажетті қуат қалыптасқан қозғалыс кезінде:

$$N = \frac{W \cdot \vartheta}{75 \cdot \eta \cdot k_1} \quad (2.10)$$
$$N = \frac{320 \cdot 42}{75 \cdot 0,8 \cdot 1,36 \cdot 60} = 2,8 \text{ кВт}$$

Арбаны қозғалысқа келтірер кездегі қажетті қуат.

Қосу уақыты $t = 3 \text{ сек}$

Үдеу:

$$a = \frac{\vartheta}{t} \quad (2.11)$$
$$a = \frac{42}{3 \cdot 60} = 0,23 \text{ м/сек}^2$$

Жүк тиелген арбаның инерция күші:

$$P = m \cdot a \quad (2.12)$$
$$P = \frac{(Q + G)}{g} \cdot a$$
$$P = \frac{7500}{9,81} \cdot 0,23 = 176 \text{ кН}$$

Қосар кездегі қажетті қуат:

$$N_0 = \frac{(W + P) \cdot g}{75 \cdot \eta \cdot k} \quad (2.13)$$

$$N_0 = \frac{(320 + 176) \cdot 42}{75 \cdot 0,8 \cdot 1,36 \cdot 60} = 4,35 \text{кВм}$$

Бос арбаның қозғалысының кедергісі:

$$W_T = \frac{G \cdot (f + \mu \cdot \frac{d}{2}) \cdot k}{D/2} \quad (2.14)$$

$$W_T = \frac{2500 \cdot (0,08 + 0,1 \cdot \frac{6}{2})}{25/2} = \frac{2500 \cdot 0,38 \cdot 1,4}{12,5} = 106 \text{кз}$$

2.2.1 Арбаның каткасын түсетін күшті анықтау

1. Арбаның салмағы $G = 25 \text{кН}$

2. Жүктің салмағы $Q = 50 \text{кН}$

Үштік полиспастының бар болуынан жүктің салмағын келесі ретпен бөлеміз:

кері қайтарушы блокта болады $R_D = \frac{2}{3} \cdot Q; R_D = 33,30 \text{кН}$

ал шығырға $R_C = \frac{1}{3} \cdot Q; R_C = 16,70 \text{кН}$

Арбаның каткасын түсетін күштің бөлінуінің сұлбесі.

Арбаның өз салмағына күш түсу тура тең бөлінеді: жетекші және жетексіз каткалар болып, яғни:

$$R'_A = R'_B = \frac{G}{2} \quad (2.15)$$

$$R'_A = \frac{2500}{2} = 1250 \text{кН}$$

Күшпен каткаға түсетін қысым

$$\sum M_A = 0 \quad (2.16)$$

$$R_D \cdot b + R_C \cdot a - R_B'' \cdot l = 0$$

$$R_B'' = \frac{R_D \cdot b + R_C \cdot a}{l} \quad (2.17)$$

$$R_B'' = \frac{3330 \cdot 61 + 1670 \cdot 105}{150} = \frac{203000 + 175300}{150} = \frac{378300}{150} = 25,20 \text{кН}$$

$$R_A'' = Q - R_B'' \quad (2.18)$$

$$R_A'' = 5000 - 2520 = 2480 \text{кН}$$

Каткалардағы қысымның қосындысы:

Жетекті:

$$R_A = R_A' + R_A'' \quad (2.19)$$

$$R_A = 1250 + 2480 = 37,30 \text{кН}$$

Жетексіз:

$$R_B = R_B' + R_B'' \quad (2.20)$$

$$R_B = 1250 + 2520 = 37,70 \text{кН}$$

Жетекті каткамен рельс арасындағы ілініс күші:

$$W_0 = R_A \cdot \mu \quad (2.21)$$

$$W_0 = 3730 \cdot 0,15 = 560 \text{кН}$$

мұндағы $\mu = 0,15$ болаттың үйкеліс коэффициенті. Алынған ілініс күші үлкен кедергі күшінен және арбаны қозғалысқа қосар кездегі инерция күшінен тұрады, ол мынаған тең:

$$W + P = 320 + 176 = 496 \text{кН} \quad (2.22)$$

Бұдан жетекші катка кранның рельсі мен ешбір кедергісіз жүрілуін дәлелдейміз.

Катка мен рельстің арасындағы меншікті қысым:

$$q = \frac{R_A}{2 \cdot D \cdot b} \quad (2.23)$$

$$q = \frac{3770}{2 \cdot 25 \cdot 3,5} = 21,5 \text{кН / см}^2,$$

мұндағы, $b = 3,5 \text{см}$

рельс пен катканың ені, $D = 25 \text{см}$, $r = 12,5 \text{см}$

Герц бойынша:

$$q_{\max} = 0,418 \cdot \sqrt{\frac{R_B \cdot E}{b \cdot r}} \quad (2.24)$$

$$q_{\max} = 0,418 \cdot \sqrt{\frac{3770 \cdot 2 \cdot 10^6}{3,5 \cdot 12,5}} = 0,418 \sqrt{173 \cdot 10^6} = 5550 \text{ кН / см}^2$$


Жіберілетіні, $6000 \div 7000 \text{ кН / см}^2$.

Арба тоқтап тұрған кездегі ішпектегі меншікті қысым (төлке бронзадан жасалған, $d = 60, b = 80 \text{ мм}$):


$$q_k = \frac{R_B}{2 \cdot d \cdot b} \quad (2.25)$$

$$q_k = \frac{3770}{2 \cdot 6 \cdot 8} = 39,3 \text{ кг / см.}$$

2.2.2 Жетекші өстің есебі



9 – сурет - Жетекші ось



10 - сурет - Білікке түсетін күштің сұлбесі

Білікке түсетін күштер. Дөңгелектегі қысым, $\frac{R_A}{2} = 1865 \text{кг}$. Тісті дөңгелектегі қысым жетекші жұлдызшадан және катокты қозғалысқа келтіретін айналу моментінен тұрады.

Арбаны орнынан қозғалтар кездегі білікте пайда болатын ең үлкен моменті.

Қозғалту кедергісі:

$$W + P \approx 500 \text{кг} \quad (2.26)$$

Айналу моменті:

$$M_K = (W + P) \cdot \frac{D}{2} \quad (2.27)$$

$$M_K = 500 \cdot \frac{25,0}{2} = 6250 \text{кН.см}$$

Тісті дөңгелектегі қысым:

$$S = \frac{M_{KP}}{D \cdot t/2} \quad (2.28)$$

$$S = \frac{6250 \cdot 2}{46,8} = 258 \text{кН}$$

Ішпектің төлкесіндегі қосымша қысым:

$$q_s = \frac{S}{d \cdot b} \quad (2.29)$$

$$q_s = \frac{258}{6 \cdot 8} = 5,4 \text{кН / см}^2$$

Төлкедегі қысымдардың қосындысы:

$$q = q_R + q_s \quad (2.30)$$

$$q = 39,3 + 5,4 = 44,7 \text{кН / см}^2$$

С-С қимасының білігіне әсер ететін иілу моменті:

$$M_C = \frac{R_A}{2} \cdot C_1 \quad (2.31)$$

$$M_C = 1865 \cdot 5 = 9325 \text{кН} \cdot \text{см}$$

Иілу моменті:

$$M = \frac{R_l \cdot (l-b) \cdot b}{l} \quad (2.32)$$
$$M = \frac{2600 \cdot (150-61) \cdot 61}{150} = 94000 \text{кН} \cdot \text{см}$$

Кернеу:

$$\sigma = \frac{M_l}{W} \quad (2.33)$$
$$\sigma = \frac{94000}{180} = 520 \text{кН} / \text{см}^2$$

Арбаның қозғалу механизмінің сұлбесі $Q = 50 \text{кН}$
Кедергі моменті,
иілуге:


$$W = 0,1 \cdot d_1^3; W = 0,1 \cdot 5,5^3 = 16,6 \text{см}^3 \quad (2.34)$$

бұрауға:

$$W = 0,2 \cdot d_1^3; W = 0,2 \cdot 5,5^3 = 33,2 \text{см}^3 \quad (2.35)$$

Қимадағы кернеу,
иілуге:

$$\sigma_c = \frac{M}{W}; \sigma_c = \frac{9325}{16,6} = 562 \text{кН} / \text{см}^2 \quad (2.36)$$



11 - сурет- Арбаның қозғалу механизмінің сұлбесі

бұрауға:

$$\tau = \frac{M_{KP}}{W_{KP}}; \tau = \frac{6250}{33,2} = 190 \text{кН} / \text{см}^2 \quad (2.37)$$

С-С қимасындағы кернеулердің қосындысы беріктіліктің қосындысы беріктілігінің үшінші теориясы бойынша:

$$\sigma_0 = \sqrt{4 \cdot \tau^2 + \sigma_c^2} \quad (2.38)$$

$$\sigma_0 = \sqrt{4 \cdot 190^2 + 562^2} = \sqrt{144400 + 315600} = \sqrt{460000} = 678 \text{кН} / \text{см}^2$$

В-В қимасын тексереміз.

Дөңгелектегі қысымнан болатын иілу моменті: $M_R = 9325 \text{кН} \cdot \text{см}$.

Күштен болатын иілу моменті, $S = 258 \text{кГ}$.

$$M_B = \frac{S \cdot (l_1 - k) \cdot k}{l} \quad (2.39)$$

$$M_B = \frac{258 \cdot (178 - 7,5) \cdot 7,5}{178} = 2480 \text{кН} \cdot \text{см}$$

Қиманың кедергі моменті,

$$d = 6,0 \text{см}, W_u = 21,6 \text{см}^3; W_{KP} = 43,2 \text{см}^3 \quad (2.40)$$

Кернеу:

$$\begin{aligned}\sigma_{из} &= \frac{M_K + M_B}{W} \\ \sigma_{из} &= \frac{9325 + 2480}{21,6} = 550 \text{кН} / \text{см}^2; \\ \tau_{кр} &= \frac{M_{кр}}{W_K} \\ \tau_{кр} &= \frac{6250}{43,2} = 144 \text{кН} / \text{см}^2.\end{aligned}\tag{2.41}$$

В-В қимасындағы кернеулердің қосындысы:

$$\sigma_u = \sqrt{4 \cdot 144^2 + 550^2} = \sqrt{385700} = 620 \text{кН} / \text{см}^2.\tag{2.42}$$

2.2.3 Редуктордың есебі

Арбаны қозғалту механизмі.

Редуктор-тік тісті цилиндрлі дөңгелектерден тұрады.

Беріліс саны, $i = 1 \div 5$.

Берілетін қуат, $N = 7,5 \div 12 \text{кВт}$, $n = 1000 \text{айн} / \text{мин}$.

Біліктің кедергі моменттері, $d = 30 \text{мм}$.

бұралуға:


$$W_{30} = 0,2 \cdot d_1^3; W_{30} = 0,2 \cdot 3^3 = 5,4 \text{см}^3.\tag{2.43}$$

иілуге:

$$W_{30} = 0,1 \cdot d_1^3; W_{30} = 0,2 \cdot 3^3 = 2,7 \text{см}^3.\tag{2.44}$$

$d = 35 \text{мм}$,

$$W_{35} = 4,25 \text{см}^3.\tag{2.45}$$



12 – сурет - Редуктордың сұлбесі

Есепті мынадай берілу кезінде шешеміз, $N = 12 \text{ кВт}$; $n = 1000 \text{ айн / мин}$.
Осындай қуат кезіндегі берілістің айналу моменті:

$$M_{KP} = \frac{71620 \cdot N \cdot K}{n} \quad (2.46)$$

$$M_{KP} = \frac{71620 \cdot 12 \cdot 1,36}{1000} = 11,70 \text{ кН} \cdot \text{см}.$$

Тісті дөңгелектің қысым және шарикті ішпектің тұғырының қысымы:

$$P = \frac{M_K}{Z} \quad (2.47)$$

$$P = \frac{1170}{4} = 294 \text{ кН}$$

Жоғарғы біліктің а-а қимасындағы кернеу:

$$\tau = \frac{M_{KP}}{W_{30}} \quad (2.48)$$

$$\tau = \frac{1170}{5,4} = 216 \text{ кН} / \text{см}^2$$

Шарикті ішпектің қысымы:

$$P_{ш} = \frac{P}{2} \quad (2.49)$$

$$P_{ш} = \frac{294}{2} = 147 \text{кН}$$

Тістегі иілу моменті:

$$M = P \cdot k \quad (2.50)$$

$$M = 294 \cdot 0,88 = 259 \text{кН} \cdot \text{см}$$

Кедергі моменті:

$$W = \frac{b}{G} \cdot \left(\frac{t}{2}\right)^2 \quad (2.51)$$

$$W = 4 \cdot \frac{0,63^2}{6} = 0,267 \text{см}^3$$

Астыңғы біліктің айналу моменті:

$$M'_{KP} = M_{KP} \cdot i \quad (2.52)$$

$$M'_{KP} = 1170 \cdot 5 = 5850 \text{кГ} \cdot \text{см}$$

Біліктің кедергі моменті, $d = 48 \text{мм}$.

$$W_1 = 0,1 \cdot d^3$$

$$W_1 = 0,1 \cdot 4,8^3 = 11 \text{см}^3$$

$$W_{KP} = 0,2 \cdot d^3 \quad (2.53)$$

$$W_{KP} = 0,2 \cdot 4,8^3 = 22 \text{см}^3$$

Астыңғы біліктен бұл айналу моменті тісті дөңгелек арқылы беріледі,
 $D_i = 132$

Тісті дөңгелектің тісіндегі қоршалған күш мынаған тең:

$$P_M = \frac{M'_{KP}}{D/2} \quad (2.54)$$

$$P_M = \frac{5850}{132/2} = 888 \text{кН}$$

С-С қимасындағы иілу моменті:

$$M_u = P_{III} \cdot e \quad (2.55)$$

$$M_u = 888 \cdot 4,5 = 4000 \text{кН} \cdot \text{м}$$

Иілуден болатын кернеу:

$$\sigma_{II} = \frac{M_u}{W_u} \quad (2.56)$$

$$\sigma_{II} = \frac{4000}{11} = 364 \text{кН} / \text{см}^2$$

Бұралудан болатын кернеу:

$$\tau = \frac{M_{KP}}{W_{KP}} \quad (2.57)$$

$$\tau = \frac{5850}{22} = 256 \text{кН} / \text{см}^2$$

Кернеулердің қосындылары:

$$\sigma_0 = \sqrt{\sigma_u^2 + 4\tau^2} \quad (2.58)$$

$$\sigma_0 = \sqrt{364^2 + 4 \cdot 256^2} = \sqrt{392520} = 626 \text{кН} / \text{см}^2$$

Тұғырға түсетін күш; ең көп түсетіні А нүктесінде:

$$R_A = \frac{P}{2} + \frac{P_{III}(C_1 + C_2)}{C_2} \quad (2.59)$$

$$P_A = \frac{294}{2} + \frac{888(10+16)}{16} = 147 + 1388 = 15,35 \text{кН}$$


Меншікті қысым:

$$q = \frac{R_A}{l \cdot d}$$

$$q = \frac{1535}{9 \cdot 5} = 34,2 \text{ кН} / \text{см}^2 \quad (2.60)$$

Қорытынды –редуктор $N = 12 \text{ кВт}$ дейін қуат бере алады, $n = 1000 \text{ айн} / \text{мин}$ айналым саны кезінде және $N = 8 \text{ кВт}$ дейін қуат, $n = 720 \text{ айн} / \text{мин}$ айналым саны кезінде.

2.2.4 Қозғалту механизмінің тежеушінің есебі



13 – сурет - Қозғалту механизмінің тежеуші

Тартылу күші -10кг.

Жүрісі-40мм.

Жұмыс жүрісі-30мм.

Тежеуішті қосқыштың диаметрі

$D = 200 \text{ мм.}$

Қосқыштың ені

$B = 70 \text{ мм.}$

Үйкеліс коэффициенті

$\mu_\phi = 0,3.$

Қалыптың ені

$B = 70 \text{ мм.}$

Қалыптың табакпен жанасуының ауданы:

$$F = B \cdot l \cdot B \cdot \frac{\pi \cdot D \cdot 60^0}{360^0}$$

$$F = 7 \cdot \frac{3,14 \cdot 20}{6} = 73,5 \text{ см}^2.$$
(2.61)

Тежеуіштің қозғалту механизмінде тек якорьдің үдеуінің тежелу моменттері және қосқыштары, арбаның бірден тоқтауы кезінде болады. Тоқтату уақытын $t = 2 \text{ сек}$ деп қабылдаймыз.

Мотордың айналу моменті: $GD^2 = 0,8 \text{ кН} \cdot \text{м}^2.$

Қосқыштың инерция моменті $\Phi 200 \text{ мм}$, $I_M = 0,01 \text{ кН} \cdot \text{м} \cdot \text{сек}^2.$

Мотордың және қосқыштың үдету моменті:

$$M_{BP} = \left(\frac{GD^2}{4g} + I_M \right) \frac{n \cdot \pi}{30t}$$

$$M_{BP} = \left(\frac{0,8}{4 \cdot 9,81} + 0,01 \right) \cdot \frac{950 \cdot 3,14}{30 \cdot 2} = (0,0204 + 0,01) \cdot 50 = 1,52 \text{ кН} \cdot \text{мм}.$$
(2.62)

Қалыпты басуға қажетті күш тежеуіштің айналу моменті үшін:

$$T = \frac{M}{2 \cdot \frac{D}{2} \cdot \mu_\phi}$$

$$T = \frac{152}{2 \cdot \frac{20}{2} \cdot 0,3} = \frac{152}{6} = 25,3 \text{ кН}$$
(2.63)

Қалыптағы меншікті қысым:

$$q = \frac{T}{F}$$

$$q = \frac{25,3}{73} = 0,35 \text{ кН} / \text{см}^2.$$
(2.64)

Жүктің тежелген мөлшерін анықтау: $2T \cdot \frac{h}{2} = G \cdot \frac{b}{2} \cdot \frac{h}{e}$ қайдан,

$$G = \frac{T \cdot 2e}{b}$$

$$G = \frac{25,3 \cdot 2 \cdot 5}{23} = 11 \text{ кН}$$
(2.65)

Электрлі магниттің және иіктіректің якорінің жүгінің салмағының өзтек салмағы:

$$G_q = G - G_{я} - G_p$$

$$G_q = 11 - 3,5 - 1 = 6,5 \text{ кН} \quad (2.66)$$

Жоғарғы саусағының тежеуіштегі кернеу $\Phi = M16$.

Тежелу кезінде саусаққа артық қоршалған күш


әсер етеді:

$$P = \frac{M}{D/2}; P = \frac{152}{20/2} = 15,2 \text{ кН}$$

және тежеуіш қалыбының иіктірекпен бірге салмағы, $G_k = 12 \text{ кН}$

Бұл күштер саусаққа бір-біріне тура бұрышпен әсер етеді, олар мынаған тең:

$$\text{tg} \alpha = \frac{G}{P}; \text{tg} \alpha = \frac{12}{15,2} = 0,79, \alpha = 38^\circ 20'$$



14 – сурет - Саусаққа әсер ететін күштер

$$N = \frac{G}{\sin \alpha}$$

$$N = \frac{12}{\sin 38^\circ 20'} = \frac{12}{0,62} = 19,4 \approx 20 \text{ кН}$$

Саусаққа әсер ететін иілу моменті:

$$M = N \cdot C$$

$$M = 20 \cdot 4,2 = 84 \text{ кН} \cdot \text{см} \quad (2.67)$$

Саусақтың бұрандасындағы кедергі моменті:

$$W = 0,1 \cdot d \cdot p^3$$

$$W = 0,1 \cdot 1,34^3 = 0,24 \text{ см}^3. \quad (2.68)$$

Кернеу,

$$\frac{M}{W} = \frac{84}{0,24} = 350 \text{кН} / \text{см}^2 \quad (2.69)$$

Қалған элементтері қолайлы жағдайда табылады және оны есептейміз.


2.2.5 Арбаның рамасының есебі

Арбаның рамасының сұлбесінде көрсетілгендей кері қайтарушы блокты тасымалдаушы аралық ең көп күш түсетін элемент болып есептеледі және шоғырдың аралықтары үшін тұғыр қызмет атқарады. “D” нүктесіне кері қайтарушы блоктан түсетін күш мынаған тең:

$$R = Q/3 = 15000 / 3 = 5000 \quad (2.70)$$


О және Т нүктелеріндегі шығырдан түсетін күшті анықтау.

Шығырға түсетін күш $\frac{Q}{3} = 1670 \text{кг}$.



15 - сурет- Шығыр

Арбаның рамасының сұлбесі
Масштаб: 1:20. Салмағы 600кг



16- сурет -Арбаның рамасының сұлбесі

О – О' және Т – Т' остері арқылы шоғырдың тұғырына түсетін күш:

$$R_{O-O'} = \frac{Q}{3} \cdot C$$

$$R_{O-O'} = \frac{1670 \cdot 40}{60 + 40} = 668 \text{кН}; \quad (2.71)$$

$$R_{T-T'} = \frac{Q}{3} - R_0$$

$$R_{T-T'} = 1670 - 668 = 1002 \text{кН}.$$

О және Т нүктелеріндегі I – I' аралығына түсетін күш,

$$P_O = \frac{R_0 \cdot d}{e}$$

$$P_O = \frac{668 \cdot 60}{100} = 4 \text{кН};$$

$$P_T = \frac{R_T \cdot d}{e}$$

$$P_T = \frac{1002 \cdot 60}{100} = 6,12 \text{кН} \quad (2.72)$$

Көтеру механизмінің салмағы $G = 900\text{кг}$ (моторсыз),
 $G_{OO} = 700\text{кг}$; $G_{TT} = 200\text{кг}$ деп қабылдаймыз.

О және Т нүктелеріндегі $I - I'$ аралығына түсетін күштер,

$$G_0 = \frac{G_{OO} \cdot d}{e}$$

$$G_0 = \frac{700 \cdot 60}{100} = 420\text{кН};$$

$$G_T = \frac{G_{TT} \cdot d}{e}$$

$$G_T = \frac{200 \cdot 60}{100} = 120\text{кН}$$
(2.73)

Көтерілетін жүктің және көтеру механизмінің салмақтарының $I - I'$ аралығына түсетін күштердің қосындысы (аралықтың өзінің салмағы есепке алынбайды).


$$R_0 = P_0 + G_0$$

$$R_0 = 400 + 420 = 820\text{кг};$$

$$R_T = P_T + G_T$$

$$R_T = 612 + 200 = 812\text{кг}.$$

$$P_D = 3330\text{кг}.$$
(2.74)



17- сурет -Тұғыр реакциялары

I және I' нүктелеріндегі тұғыр реакциялары:

$$R_I = \frac{R \cdot l + R \cdot d + R_T \cdot (a + c)}{L}$$

$$R_I = \frac{820 \cdot 33,5 + 3330 \cdot 93,5 + 812 \cdot (93,5 + 40)}{175} = \frac{27500 + 312500 + 113500}{175} =$$

$$= \frac{453500}{175} = 26 \text{кН}$$

$$R_I = R_0 + R_D + R_T - R_T$$

$$R_I = 820 + 3330 + 812 - 2600 = 2,362 \text{кН}.$$

“O” қимасындағы иілу моменті:

$$M_O = R_I \cdot e$$

$$M_O = 2362 \cdot 33,5 = 785 \text{кН} \cdot \text{см}.$$


(2.75)

“D” қимасындағы иілу моменті:

$$M_D = R_I \cdot a - R_0 \cdot (a - e)$$

$$M_D = 2362 \cdot 93,5 - 820 \cdot (93,5 - 33,5) = 221500 - 49200 = 1723 \text{кН} \cdot \text{см}.$$

(2.76)



18 - сурет - Тұғыр

Аралықтың қимасы,

$$L =; I = 1804 \text{см}^4; F = 29,7 \text{см}^2; W = 180 \text{см}^3.$$

C-C өсіне қатысты иілу моменті:

$$M_C = R_T \cdot (e - d)$$

$$M_C = 812 \cdot (100 - 60) = 32480 \text{кН} \cdot \text{см}.$$

(2.77)


Кернеу:

$$\sigma = \frac{M_c}{W_c} \quad (2.78)$$

$$\sigma = \frac{32480}{180} = 180 \text{кН} / \text{см}^2.$$

I-I аралығын А-В аралығына біріктіретін электр жапсарларындағы кернеу.

Тұғыр реакциясы, $R_I = 26 \text{кН}$



19 - сурет - Жапсар

Аралықтар бір-біріне периметр бойынша бұрыш арқылы пісіріледі.
Жапсар тұтас: Жапсардың қимасы $\delta = 6 \text{мм}$.

Периметрдің ұзындығы: $L = 2 \cdot 20 + 2 \cdot 7,5 = 55 \text{см}$.

Жапсардың ауданы:

$$F = L \cdot \delta \quad (2.79)$$

$$F = 55 \cdot 0,6 = 33 \text{см}^2.$$

$$\tau_{CP} = \frac{R_I}{F}$$

$$\tau_{CP} = \frac{2600}{33} = 79 \text{кН} / \text{см}^2.$$

А-В аралығының есебі:

Түсетін күш: $R_I = 26 \text{кН}$

Аралыққа күш тек I нүктеде ғана түсіп тұр деп есептейміз

2.3 Көпірлі кранның толық есебі

Есептеуге арналған жалпы мәліметтер:

Кранның жүк көтеру қабілеттілігі

$$Q = 20 \text{кН}$$

ТЭ-511 электрлі төлінің салмағы	$G_T = 470кН$
Астыңғы рамасының салмағы	$G_1 = 361кН$
Үстіңгі рамасының салмағы	$G_2 = 372кН$
Бағананың салмағы (кранның аяғының)	$G_K = 2090кН$
Ригельдің салмағы	$G_P = 1465кН$
Кранның қозғалу жылдамдығы	$g_K = 23,36кг / мин$
Кранның көтерілуі	$L = 9,5м$
Рельстің басымен аяғының биіктігі	$H = 7,76м$
Кранның базасы	$B_K = 3,5м$
Қозғалту механизмінің электрлі двигателі	$A02 - 21 - 6$
Электрлі двигательдің қуаты	$N = 0,8кВт$
Айналым саны	$n = 930айн / мин$
Жалпы беріліс саны	$i_{жс} = 40$
РЧУ-63 редукторы, беріліс санымен	$i_p = 20$
Жүрдек дөңгелектің диаметрі	$D = 320мм$
Кран жолының рельсі	$P38МЕСТ3542-47$
Кранның салмағы	$G_K = 57кН$

2.3.1 Кранның қозғалу механизмі

Статикалық кедергінің қозғалысына:

$$W_C = W_{TP} \pm W_Y \quad (2.80)$$

Үйкелістен пайда болған кедергі:

$$W_{TP} = (G_K + Q) \cdot \frac{\mu \cdot d + 2 \cdot k}{D_K} \cdot K_P \quad (2.81)$$

мұндағы:

$G_K = 57кН$ -кранның толық салмағы

$Q = 20кН$ -кранның жүк көтеру қабілеттілігі

$\mu = 0,02$ -ішпектің үйкеліс коэффициенті

$d = 60мм$ -цапфаның диаметрі

$D_K = 320мм$ -жүрдек дөңгелектің диаметрі

$K_P = 1,5$ -дөңгелектің рельс пен қабырғаларының арасындағы кедергі коэффициенті $k = 0,6мм$ -тербелмелі үйкелісінің иіні.

$$W_{TP} = (5700 + 5000) \cdot \frac{0,02 \cdot 60 + 2 \cdot 0,6}{320} \cdot 1,5 = 120кН \quad (2.82)$$

Кран жолының көлбеу қозғалысының кедергісі:

$$W_y = (G_K + Q) \cdot i_y \quad (2.82)$$

мұндағы: $i_y = 0,002$ -мыңнан бір бөлігінің көлбеулігі.

$$W_y = (5700 + 5000) \cdot 0,002 = 21,4кН \quad (2.83)$$

$$W_C = 120 + 21,4 = 141,4кН$$

Кранның двигателінің статикалық қуаты:

$$N_C = \frac{W_C \cdot g_K}{6120 \cdot 2K} = \frac{141,4 \cdot 23,36}{6120 \cdot 0,74} = 0,73кВт \quad (2.84)$$

мұндағы:

$$r_K = r_p \cdot r_0 \cdot r_m; r_K = 0,8 \cdot 0,94 \cdot 0,99 = 0,74\text{-беріліс механизмінің ПӘК-і;}$$

$$\eta_0 = 0,94\text{-ашық берілістің ПӘК-і;}$$

$$\eta_p = 0,8\text{-редуктордың ПӘК-і РЧУ-63}$$

$$\eta_m = 0,99\text{-қосқыштың ПӘК-і}$$

Біз АО2-21-6 электрлі двигателін қабылдаймыз, қуаты $N = 0,8кВт$, айналым саны $n = 930\text{айн/мин}$, механизмінің беріліс саны

$$i = \frac{n_{\text{Э}}}{n_K}; n_K = \frac{n_{\text{Э}}}{i}; n_K = \frac{930}{40} = 23,25\text{айн/мин} \quad (2.85)$$

Кранның қозғалу жылдамдығы:

$$g = \frac{\pi \cdot D_K \cdot n_K}{1000} \quad (2.86)$$

$$g = \frac{3,14 \cdot 320 \cdot 23,25}{1000} = 23,36\text{айн/мин}$$

Алдын ала қабылданған двигательді тексереміз: $M_C^{\max} = \frac{W_C \cdot D_K}{2i\eta_K} \leq Mg^{\max}$,

$$M_C^{\max} = \frac{141,4 \cdot 320}{2 \cdot 40 \cdot 0,74} = 0,76кг \cdot м \leq Mg^{\max} < 1,84кН \cdot м. \quad (2.87)$$

